

ISSN 1999-4214 (print)  
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

---

---

## ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

## BULLETIN

OF THE EURASIAN  
HUMANITIES  
INSTITUTE

№1/2025

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD)

#### Редакция алқасы

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
<b>Сенмез О.Ф.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Туркия

**Редакцияның мекенжайы:** 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.  
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»  
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Басуға 27.03.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.  
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89  
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова

#### Редакционная коллегия

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабекулы Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курсыжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
<b>Сенмез О.Ф.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

**Адрес редакции:** 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4

**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 27.03.2025 ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

#### **Editorial Board**

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

**Editorial address:** 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

**Tel/Fax:** (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.03.2025 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

---

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БЕРГІБАЕВА Д.Қ., КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А., ӨМІРБЕКОВА Ж.Қ.	Жеке тұлғаның ділдік лексиконы	7
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., САРЫБАЕВА Б.Ж., УАЙХАНОВА М.А.	Ұлттық құндылықтардың интернет-түсіндірмелердегі көрінісі: дәстүр мен жаңашылдық	16
КЕМБАЕВА А.Т., ЖҰБАЙ О.С., ЖАКИПОВА М.Н.	Тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері	25
MURATBAIEVA I.S., ABDRAKHMANOVA ZH.A.	Colorative vocabulary as a term-forming component in the composition of metaphorized terms (using the example of the adjective «golden»)	35
САДЕНОВА А.Е., АЙТБАЕВА Б.М., КАРЫБАЕВА С.Е.	Тіл меңгертудегі диалогтардың деңгейлік динамикасы	44
ШАЛШЫКБАЕВА Г.О., ДҮЙСЕКОВА К.К., БАКТИЯРОВА Р.М.	Авиация кәсіби дискурсының конститутивтік ерекшеліктері	54

### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДИКАРИМ Н., АСҚАРОВА А.Ш., ҮМБЕТБЕКОВА К.М.	Абай өлеңдерінің поэтикалық ішкорпусын құрудың маңыздылығы	64
ABDYKHANOVA G.T., ABDYKADYROVA T.R., AGABEKOVA ZH.A.	M.KH. Dulaty and the people of art	73
АБИШЕВА Ш., КЕНБАЕВА А.З., ӘБДІМАНАПОВА М.Б.	Топонимдік аңыздар ертегілік емеспрозаның ерекше жанры ретінде (түркі халықтарының топонимдік аңыздары мысалында)	89
АЙТУГАНОВА С.Ш., САРСЕМБАЕВА С.А.	Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі симулякрдың көркемдік қызметі (Д. Жылқыбайдың әңгімелері негізінде)	100
ӘБДІҒАППАРОВА Ж.Ж.	Отарлық кезеңдегі діни ахуал және Шайыр Шәдінің «Назым Сияр Шәриф» дастаны	110
ҚАЙЫРБЕКОВА А.Қ., ТАКИРОВ С.У., ТОЛЕУБАЕВА К.А.	М. Мағауин прозасының танатопоэтикасы	121

ҚОҢДЫБАЙ М.М., ӘБДИМАНҰЛЫ Ө., ТИРАДО Р.Г.	Әнші-ақындар шығармашылығындағы сипатының көркемдік ерекшелігі	сұлулық	132
САУРЫҚОВ Е.Б., ТАМАБАЕВА Қ., ЕЛУБАЕВА Р.	Шерхан Мұртаза мен Шәкәрім Құдайберді діни тұжырымдарындағы ортақ сарындар		142
СЕЙІТМАН С.М.	Абай елі мен алаш қаласының рухани сабақтастығы және қазақ поэзиясындағы бейнесі		155
ТҰЯҚБАЙ Т., ТҰЯҚБАЕВА Р.	Абай мен Гёте: данышпандар диахрониясы		165

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ –  
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ –  
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

АУҒАНБАЕВА М.С., МАМАЕВА Г.Б.	Студенттердің сөйлеу мәдениетін дамыту әдістері		175
ТАУБАҒАЕВ З.Т., SULTAN Y., DAUTOVA G.R.	The role of artificial intelligence in forming stereotypes in intercultural communication		185

\*А.Т. КЕМБАЕВА<sup>1</sup> 

О.С. ЖҰБАЙ<sup>2</sup> 

М.Н. ЖАКИПОВА<sup>3</sup> 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан<sup>1,2</sup>

Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан<sup>3</sup>

(e-mail: [kembaeva\\_ainur@mail.ru](mailto:kembaeva_ainur@mail.ru)<sup>1</sup>, [aim-ornai@mail.ru](mailto:aim-ornai@mail.ru)<sup>2</sup>, [miranur69@mail.ru](mailto:miranur69@mail.ru)<sup>3</sup>)

## ТІЛДІК ТҰЛҒА ДИСКУРСЫНДАҒЫ КОГЕЗИЯ МЕН РЕТРОСПЕКЦИЯ ТӘСІЛДЕРІ

**Аңдатпа.** Зерттеу жұмысында тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері және олардың мәтіндегі көрінісі, логикалық, лексикалық, грамматикалық, синтаксистік тұтастық пен байланысқа әсері, оқырманның мәтін мазмұны мен тілдік бірліктердің семантикалық мәнін, автордың түпкі идеясын қабылдауындағы нақтылық мәселесі анықталды. Зерттеуде когезия мен ретроспекция тәсілдерінің көрінісін анықтау мақсатында қаламгер Шерхан Мұртазаның көркем және публицистикалық дискурстары мысалға алынды. Нақты мәтіндердегі аталған тәсілдерді талдау және олардың тұтас мәтін ішіндегі атқаратын қызметтерін тану үшін мысалдарды іріктеу, жинақтау және бақылау, синтездеу, лексикалық анализ, салыстыру әдістері жүзеге асырылды.

Когезия және ретроспекция тәсілдерінің тілдік тұлға дискурсындағы көрінісін дәлелді мысалдарға сай анықтау теориялық тұжырымдардың практикалық тұрғыдағы қолданысын тану, аталған тәсілдердің мәтіндегі жүзеге асу формалары мен грамматикалық бірліктерге жіктелуін саралау, когезия мен ретроспекцияның ұқсас белгілерін және ерекшеліктерін нақты мәтіндер негізінде айқындау, олардың қолданылу жиілігін және ішкі формалары мен бөліністерін тану нәтижелеріне қол жеткізілді.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығын нақтылады. Берілген тақырып аясындағы зерттеулердің теориялық тұжырымдары талданды. Мысалға алынған қаламгер шығармалары мәтіндерінің жасалуындағы когезия мен ретроспекция тәсілдерін бақылау арқылы автордың түпкі ойының мазмұны мен семантикалық реңкі, формасы, мәтін ішіндегі логикалық тұтастығы түрлі тілдік бірліктер ішінен іріктеліп, тілдік тұлға дискурсының толық мәнін ашудағы шешуші рөлі талданды.

**Түйін сөздер:** тілдік тұлға, дискурс, когезия, ретроспекция, коллокация, мәтін, лингвистика.

**Кіріспе.** «Тілдік тұлға» ұғымын алғаш 1930 жылы «Көркем проза туралы» еңбегінде ғалым В.В. Виноградовтың қолданғанын білеміз [1]. Тілдік тұлға – мәтінде тіл арқылы көрініс табатын тұлға, яғни автор болса, оның дискурсы автор жазған мәтін дискурсымен байланысты анықталады. Тілдік тұлға – нақты тіл иесі және ол сол тілді түсінуге қабілетті, сол тілде мәтін тудыра алатын, оны жеткізе алатын тұлға. Тілдік тұлға дискурсында орын алған түрлі әдіс-тәсілдер, астарлы мән, дискурстың мазмұндық және құрылымдық сипаты, стилі мен өзектілігі тілдік тұлғаның тілі мен діліне, ұлттық дүниетанымымен, ұлттық таным-салтымен тығыз бірлікте болады. Тілдік тұлға дискурсы көркем мәтіндер мен өзге де публицистикалық, ғылыми мәтіндерде көрініс табады. Дегенмен тілдік тұлға дискурсын тану және зерттеу үшін көркем мәтінге жүгіну оң нәтижеге жеткізеді. Сондықтан зерттеу

жұмысында қаламгер Шерхан Мұртазаның көркем шығармалары және публицистикалық мәтіндері негізге алынды.

Лингвистикада мәтіндегі авторлық ойды және терең мағынаны интерпретация жасау мақсатында *когезия* термині пайдаланылады. Қазіргі лингвистикада антропоцентризм мен функционалдық бағытта бұл термин дискурсты талдауда қолданылады [2]. Сондай-ақ когезияның тілдік тұлға дискурсындағы ақпаратты анықтамайтынын, керісінше ол мәтіннің ұйымдастырылу сипатын семантикалық біртұтастықта анықтайтынын назарға алған дұрыс.

Аталған талдау тәсілінің қатарында *ретроспекцияны* да қарастырған жөн. Себебі ретроспекция – мәтіннің грамматикалық категориясы, әрі ол мәтінді оқыған оқырман мен мазмұнды, нақты ақпаратты байланыстыратын тілдік өрнек формаларын бірлікте қарастырады. Сондай-ақ ретроспекция, әсіресе, көркем мәтін ішінде өткенге сілтеме жасау, оқырманға кейіпкерлер әрекеттерінің мотивтерін түсіндіруді жүзеге асырады. Демек тілдік тұлға дискурсын когезия мен ретроспекция тәсілдері негізінде талдау авторлық түпкі ойды анықтауға, мәтін мазмұнын толық түсінуге, мәтіндегі ұлттық мәдениет аспектілерін тануға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысында аталған когезия мен ретроспекция тәсілдері арқылы Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы тілдік тұлға дискурсының негізгі сипаттамалары анықталды. Сонымен қатар ретроспекциялық тәсіл негізінде тілдік дискурстағы ойдың немесе оқиғаның қайталануы, баяндау тәсілін баяулату нәтижесіндегі мәтінде берілген фактілер мен авторлық идеялардың қайта танылуы секілді аспектілері қаралды. Бұл – қазіргі лингвисттер үшін белсенді зерттеу объектісіне айналып отыр. Тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері арқылы мәтіндегі тілдік қолданыстың ерекшелігін анықтауға жол ашылады. Сондықтан Шерхан Мұртаза шығармаларының мәтінін мысалға алып, аталмыш лингвистикалық тәсілдердің қолданысын практикалық тұрғыда дәлелдеу – зерттеу жұмысының практикалық мәнін толықтырады.

Тілдік тұлға, тілдік тұлға дискурсы, когезия және ретроспекция тәсілдері туралы лингвистика саласында зерттеу жұмыстарын жүргізген шетелдік және отандық ғалым-зерттеушілердің теориялық тұжырымдары мен талдаулары зерттеуде аталған мәселенің өзектілігін нақтылайды. Мысалы осы тақырып аясындағы М.Г. Меркулованың [3], Ю.Н. Карауловтың [4], Л.П. Тарнаеваның [5], Ш. Құрманбайұлы мен Ж. Жұмбаеваның [6], Д. Е. Капанова мен Е.Б. Тяжинаның [7], В.Н. Jacob пен В.Р. Jordan-ның [8] зерттеу мақалаларында тілдік тұлға мен дискурс мәселесі, лингвистикадағы когезия мен ретроспекция тәсілдері және оларды көркем шығарма мәтінін талдауда қолдану негіздерін анықтап, ғылыми тұжырымдар жасаған. Мұндай зерттеу жұмыстары берілген зерттеу тақырыбының теориялық маңызын ашуда маңызды рөл атқарады.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Зерттеу жұмысында тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдерінің қолданылу сипатын анықтау мақсатында нақты мәтінмен жұмыс жасалды. Мысал ретінде жазушы Шерхан Мұртазаның көркем және публицистикалық дискурстары назарға алынып, мәтіндердің нақты тармақтарынан дәлелді мысалдар берілді және талданды. Бұл мақсатты орындау үшін зерттеуде мәтіндерді жинақтау, бақылау, лексикалық және семантикалық анализ, синтездеу, іріктеу әдістері қолданылды. Тілдік тұлға дискурсындағы аталмыш лингвистикалық тәсілдердің қолданылу сипаты мен авторлық мақсат, мәтін мазмұнындағы ұлттық тіл ерекшелігі мен ұлттық әдет, салт-сана, таным, дүниеге көзқарас, этникалық айшықтардың анық байқалуы мәселелерінің дәйекті мазмұны анықталды. Автор мәтіндерінің тақырыптық және стильдік ерекшелігіне сай ондағы когезия мен ретроспекция тәсілдерінің орын алу жиілігі сараланды. Осы бағытта тілдік дискурстағы аталған екі лингвистикалық тәсілдің мәтін мазмұны мен құрылымына, авторлық түпкі идеяға әсерін зерттеу барысында салыстырмалы талдау әдісі жүзеге асырылды.

**Талқылау мен бақылау.** Тілдік дискурстағы когезия тәсілінің көрінісін анықтау үшін лингвистикадағы *когеренттік* ұғымын толық тану маңызды. Тілдік тұлға дискурсындағы



когеренттік – дискурстың бөлімдерін оқырманға автор ойы тұрғысынан барынша түсінікті ету үшін қызмет атқарады, яғни прагматикалық тұрғыда жүзеге асырылады. Мұнда тілдік тұлға дискурсының ішкі, құрылымдық, сондай-ақ сыртқы, прагматикалық байланысы маңызды рөл атқарады. Когезия – әдеби-көркем мәтіннің немесе кез келген мәтіндік және ауызша туындының бүтіндігін, мәтін ішіндегі байланысты білдіреді. Ағылшын тіліндегі когезияны зерттеуге арнаған жұмысында М.А.К. Хэллдеймен Р. Хасанмынадай тұжырымға келген: «Когезия – мәтін аясында жүзеге асатын және оны мәтін ретінде анықтайтын мән элементтері» [9, 109]. Сондай-ақ ғалымдардың зерттеу еңбегінде дискурстың құрылымдық-грамматикалық байланысын анықтайтын тілдік қатынастардың бес түрлі аспектісі қарастырылады. Олар: көрсеткіштік және салыстырмалы анықтама; атау мен етістіктің және предикативті топтың субституциясы, атау мен етістіктің және предикативті топтың эллипсисі; мәтіннің алуан бөліктерінің байланысын, жалпы қатынасты білдіретін мәнделс сөздер мен өзге де коннекторлар; сонымен қатар, іргелес тармақтардағы лексикалық бірліктерді қайталау негізінде қол жеткізілетін лексикалық когезияның өзі бір сөзді немесе бастапқы сөздің лексикалық баламасын, жаңа ұғымдары қайталау, коллокация және т.б. аспектіде жүзеге асады [9, 109]. Демек тілдік тұлға дискурсындағы когезияның қатынасы екі немесе одан да көп мәтін элементтерінің құрылымнан тыс өзара байланыста көрінеді. Тілдік тұлға дискурсындағы когезия тәсілінің көрінісін анықтау үшін туындыгер Шерхан Мұртазаның көркем және публицистикалық мәтіндеріндегі нақты мысалдарға назар аударсақ. Қаламгер шығармаларынан лексикалық когезияның екі түрін де жиі кездестіреміз. Тілдік тұлға дискурсында көрініс табатын лексикалық когезия тілдің лексикалық жүйесін қолданады. Яғни лексикалық деңгейде біз мәтіннің құрылуын және мазмұндылығын лексикалық деңгейде бақылай аламыз. Тілдік тұлға дискурсында, әсіресе, лексикалық, морфологиялық қайталау түрлері жиі кездеседі. Сондай-ақ мәтіннің лексикалық ұйымдастырылуында қыстырма, қаратпа сөздердің, одағайдың, жалғаспалы байланыс, сұрау шылауларының, сілтеу, сұрау есімдіктерінің, т.б. орын алуы, екі сөйлем арасындағы байланыста, екіншісінің бірінші сөйлем мазмұнына икемделуі секілді түрлі когезиялық тәсілге тән көріністерді аңғарамыз. Демек, когезия тәсілі арқылы құрылған тілдік тұлға дискурсының формалды-грамматикалық, логикалық байланысын, мәтін элементтерінің грамматикалық байланысын анықтаймыз.

Шерхан Мұртазаның «Айқайлап айтқан сөз» шығармасындағы: «О, айтағын ой мол», «Е, неге?», «Ей, бейкүнә ұрпағым!», «...о, шіркін, қанша қаржы үнемделер еді, ә!» [10, 46] деген тармақтардағы одағайлардың қолданылуы мәтін ішіндегі логикалық байланысты білдіріп тұр. Тілдік тұлға дискурсында мұндай когезия тәсілінің жүзеге асуы байланыстың логикалық сипатын ашуымен қатар, автор ойының эмотивті мәнін де ашық аңғартады. «Қаңтарулы қазанат» атты естелік-эссесіндегі: *...біздің пайымдауда, жазушы бұл белгілі мақалдарды блокнотқа бекер түсірмеген; ...менің байқауымша, сұлу әйелді ит қаппайды* [10, 64] тармақтардағы қыстырма сөздер мәтін аясында жүзеге асатын оқиғалар мен автордың пікірінің байланысын білдіреді және қозғалған түпкі идеяны алға тарту, оған автор тұрғысынан, мәтін ішілік кейіпкер ойы тұрғысынан әрекет жасауды көрсетеді. Бұл мәтін ішіндегі грамматикалық байланысты ғана емес, сөйлемдер арасындағы логикалық тізбекті байланысты да сақтап тұрған элементтер саналады.

Когезия тәсілінің белсенді қолданысын қаламгердің көркем шығармаларынан жиі кездестіруге болады. Мысалы когезия тәсілінде қолданылатын мәтін ішіндегі элементтердің, логикалық байланыстың негізін құрайтын, байланыстың формалды-логикалық түрі ретінде қарастырылатын қаратпа элементтер жиынтығын көп кездестіреміз. Ол, әсіресе, кейіпкерлер диалогында белсенді көрініс табады. Шерхан Мұртазаның «Сол бір күз» әңгімесіндегі: *Иә, жігіт, – деді судай қазақша..; Ағатай, қамытты қайтып бер; Арба тоқтап қалады, ағатай!* [11, 5], «Айырбас» әңгімесіндегі: *Айша-ау, мен келгенше Майлыаяққа жуынды беріп тұр; Пстой, киргизенек!; Бала, кітапқа айырбастайсың ба?; Е, шырақ, Боранды базарды көшіріп келе жатқандай еңтігесің ғой..; Сабының екеу-ақ қой-ей, Барсхан?; Не болды, байгүс-ау?* [11, 9] деген тармақтардағы қаратпа сөздер мәтін ішіндегі оқиға

мазмұнын ғана емес, тілдік тұлға дискурсындағы логикалық байланысты грамматикалық форма негізінде құрып тұрғаны байқалады. Автор кейіпкерлер диалогын тілдік қарым-қатынастың дискурстық формасы ретінде ұсынып тұр. Демек ондағы логикалық байланыс, әрине, кейіпкерлер арасындағы диалог мазмұнының өзара формалық және грамматикалық байланысына, мәтін элементтерінің біртұтастығына сай жүзеге асқан.

«Ұзақ командировка» әңгімесінде автордың тілдік қолданысындағы сұраулық шылаулары мен сұрау және сілтеу есімдіктері, жалғаспалы байланыс шылаулары сөйлемдер арасындағы коллокацияны, мәтін ішілік байланысты біріздендіріп тұр. Мәтін элементтерінің грамматикалық байланысы аталмыш элементтер негізінде анықталады. Мысалы: *Соны растағандай..; ...әлгі басты әрең көтеріп; ...ықыластана күледі де, ..; ...соны да түсінбейсің бе?; ...отырған баладан айналып кетпейсің бе; ...салмақтап көрді де, өзіме қайтарып берді; ...қарыса ма жағың сенің?; Нұрлан, сен білмеуші ме едің..; Солай ма, мама?; Қытығың келе ме сенің?* [11, 33] секілді мәтін ішіндегі автор ойының мазмұндық байланысын бір жүйеге топтастырып, оның грамматикалық жігін құрап тұр. Мұндай бірліктер мәтін ішіндегі сөйлемдердің өзара байланысын, бір ойдың екінші оймен жалғасуын, автордың дискурсындағы эмоциясы мен ішкі ойын анықтайды. Когезияға тән аталмыш грамматикалық бірізділік пен аталған тәсілдерсіз тілдік тұлға дискурсының біртұтас мазмұны құралмайтынын да ескергеніміз дұрыс. Яғни тілдік тұлға дискурсындағы когезия тәсілінің атқаратын қызметі орасан зор. Мәтінде қолданылатын түрлі фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік бірліктердің реттілігі, автор ойын ашудағы, тұтас мазмұнды жеткізудегі қызметі, әуелгі компонент пен кейінгі компоненттердің логикалық байланысын сақтап тұруы – когезиялық тәсілдің басты қағидасы.

Когезия тәсілінде орын алатын аталмыш элементтік бірліктер қолданысымен қатар тілдік тұлға дискурсындағы лексикалық когезияның орны да ерекше екені анық. Себебі көркем шығармадағы логикалық қайталаулар мен мәтін бірліктерінің өзара мән-мазмұндық байланысы осы лексикалық когезия тәсілінің еншісінде.

Шерхан Мұртазаның «Айға шағылған найза» шығармасындағы мына тармақтарға назар аударсақ: *...бақытқа орай аман-есен елге қайтты көкірегі жырға толып қайтты* [10, 24] немесе *айрықша мән беріп, ден қойғандығында* [10, 24] деген жолдардағы когезияға тән сөзді және сөздің лексикалық баламасын қайталау амал қолданылып тұрғанын байқаймыз. Демек тілдік тұлға дискурсында берілген ойдың растығын дәлелдеу мақсатында және оқырманның да ол фактіге сенуі үшін автор бірінші сөйлемдегі пікірді кейінгі сөйлемде растай отырып, айтылған ойдың байланысын көрсетіп тұр. Ал екінші мысалдағы *мән беріп, ден қойғандығында* деген лексикалық бірліктердің баламаларының қайталануы лексикалық когезиядағы коллокация формасын білдіріп тұр. Себебі мұндағы сөз тіркестерінің синтаксистік және семантикалық бірлігі бірінші компоненттегі мазмұнның екінші компонентке әсерін көрсетеді. Яғни автор қолданған екінші сөз тіркесі біріншісінің мәніне сай таңдалып тұр. Бұл әдіс ойды бекіту мақсатын жүзеге асырып тұр.

Қаламгердің «Нөсер» шығармасындағы: *Самолет таңғы бесте ұшады. Аэропортқа самолет ұшардан бір сағат бұрын жету керек* Бұл үшін *түнгі үште* ұйқыдан тұрып, жолға шықпаса болмайды. *Түнгі үште аэропортқа экспресстен* басқа көлік жүрмейді. *Экспресстен қалып қоймау керек»* немесе *«...жол жүретіні есіне сап ете қалып, сағатқа* қарады. *...кішкентай қоңыраулы сағаттың* фосфорлы жасыл тілі..; *Бұл жылдың бір күнінен бір күні жақсы еді. Ал енді осылардың бәрінен ерекше бір күннің жақындап қалғанын сезді..; сондай-ақ ...көшелер жап-жарық. ...Көшенің ұзына бойына тізілген светофорлар* *Көше бойы біресе жап-жасыл моншақ тағынады..; светофорлар* қалғып кетпей, қалтқысыз жұмыс істеп тұр. *арықты қуалай аққан салқын су светофорға бағынбайды* [11, 36] деп берілген мәтін ішіндегі логикалық байланыс бірінші сөйлем компонентіндегі лексикалық бірліктің екіншісінде сол қалпында қайталануы арқылы бір ойдың толық мәтін барысында жалғасып жатқанын, автор ойының тізбегін білдіріп, бірінші сөйлемнің екіншісіне мағыналық әсерін анықтап тұр. Өр мысалдағы екінші және үшінші компонентте қайталанған бірліктер бірінші сөйлем мәніне тәуелді және оны толықтыру, дискурсты дамыту мақсатында

қолданылған. Алғашқы компоненттегі лексикалық бірлік кейінгілерінде қосымша мазмұндық реңкке ие болып, мәтін сюжетін бағыттауға қатысып тұр. Демек берілген мысал негізінде тілдік тұлға дискурсындағы когезия тәсілінің мәтін ішіндегі элементтердің логикалық байланысын жүзеге асыру қызметіне нақты дәлел болатынын тұжырымдай аламыз. Бұл тілдік тұлға дискурсының құрылымдық және логикалық байланысын, семантикалық ұйымдастырылуын қамтамасыз етуімен қатар, көркем шығарма мәтінінің көркем-эстетикалық мәнін де арттыруға үлес қосатынын түсіндіреді.

Тілдік тұлға дискурсында лексикалық когезияның екінші түрі – коллокацияның да орын алатынын атап өттік. Коллокация – семантикалық және синтаксистік тұрғыда біртұтас бірлікті құрайтын тұрақты сөз тіркесі. Яғни мәтінде аталмыш бірліктердің қолданылуы когезия тәсілінің тағы бір сипатынан көрініс береді. Шерхан Мұртаза шығармаларының мәтінінде коллокацияның ауыстырылмайтын және өзгермейтін түрлері, метафоралар мен тұрақты тіркеске тән элементтер жиі қолданылады. Бұл мәтін ішіндегі сөйлемдердің семантикалық байланысын сақтауға мүмкіндік береді. Мысалы қаламгердің «Шыршаның жыры» шығармасындағы: *баланаң шыршақай, моншақ тамшылар, інжу-маржан тамшылар, кішкентай әнші, теңбіл барыс, ақ жамылған қарақшылар, жансыз қояндар, ыстық үй, сұр бетон* [11, 67], т.б. сөз тіркестеріндегі лексикалық когезия тәсілі нақты мәтін ішіндегі автор берген семантикалық және синтаксистік мән-мағына негізінде қолданылып тұр. Мұндай коллокациялардың компоненттерін ауыстыруға немесе өзгертуге болмайды. Себебі олар нақты берілген мәтін семантикасына сай жасалған. Мысалы аталған мысалдағы сөз тіркестері шығарманың мазмұнын қамтитын семантикалық бірліктер ретінде мәтіннің тұтас логикалық мәнін ашуда қызмет атқарып тұр.

Тілдік тұлға дискурсында когезиямен қатар ретроспекция тәсілі де грамматикалық категорияға жатады. Бірақ ретроспекцияның когезиядан ерекшелігі – оның оқырманды нақты ақпаратпен байланыстыратын өрнек формаларын біріктіретінінде. Бұл тәсіл, әсіресе, көркем шығарма мәтіндерінде жиі қолданылады. Себебі ретроспекция тәсілі объективті және субъективті тұрғыда мақсатты түрде екі негізде жүзеге асады. Бірі – тілдік тұлға дискурста оқырманды арнайы әуелі оқылып қойған мәтінге немесе оқиғаға қайтарады, яғни қазіргі сәтте орын алып жатқан немесе мәтін ішінде жүзеге асып жатқан ақпаратты, сюжетті, автор ойын толық қабылдау үшін оқырманды өткенге қайтару тәсілі. Бұл көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік категорияларын тануға да мүмкіндік береді. Негізгі авторлық іс-әрекет те сол уақыт пен кеңістік категориялары арқылы жүзеге асады. Екіншісі – оқырман мәтіндегі әрекеттер мен сипаттауларға, санасында сақталып қалған, оқылып қойған мәтін бөліктеріне ерікті түрде қайта оралады. Бұл да тілдік тұлға дискурсын терең түсінуге бағыттайтын тәсіл. Әрі оқырман осы тәсіл негізінде кейіпкерлердің әрекеттері мен мәтін ішіндегі мінез-құлықтарының мотивтерін, осы сәтте баяндалып жатқан іс-қимылдардың мотивтерін түсінуге мүмкіндік алады.

Шерхан Мұртазаның «Бабаның оралуы» атты шығармасында ретроспекция тәсілінің көрінісі айқын байқалады. Автор осы уақытта орын алып жатқан іс-әрекеттерді баяндай отырып, оқиғаның неден басталғанына, кейіпкерлердің өткен өміріне, кейбір әрекеттердің жүзеге асуына түрткі болған мотивтеріне қайта оралып, оқырманға мәтін идеясын толық түсіндіруге тырысады. Мұндай ретроспекциялық тәсіл шегіністерін мына мысалдардан көреміз: «...қаладан келген байкесі бір колхозды асырайтындай сыбаға алып, сықиып жүрген кезі еді», «Ата-бабаларымыз баяғы-баяғы, бағзы заманда айтып кеткен...», «Адам баласы, жан-жануар, түрлі тіршілік иесі о басында топырақтан жаралған» [11, 113] немесе «Қияметтен оралған» атты публицистикалық дискурсындағы: «Содан бері де жиырма жылға жуықтап қалыпты. 1978 жылы делегация құрамында Монғолстанға бардым. Ұлан-батордан ұшаққа мініп Хобда аймағына жеттік», «Содан әйтеуір түрмеден қашып шығып, Алтай тауынан асады ғой» [10, 113]. Берілген мысалдардағы ретроспекция тәсілі екі түрлі сипатта қолданылып тұр. Бірінші – көркем мәтін мазмұнында автор осы сәттегі оқиғаны баяндай отырып, оның ішіндегі әрекеттердің логикалық байланысын өткен шақ оқиғаларымен байланыстырып, оқырманды еріксіз өткен жылдарға, ғасырларға, дүниенің пайда болу кезеңіне дейін ойша

қайтарады. Бұл тәсіл арқылы мәтіндегі түпкі автор ойын түсіндіру мақсаты жүзеге асып тұр. Ал екінші публицистикалық мәтін мазмұнында баяндалып отырған ақпарат осы сәтте жүзеге асқанымен, негізгі мотив өткен шақта орын алған нақты оқиғаға байланысты туындағанын түсіндіреді. Мұндағы автор оқырманды мәтін арқылы мақсатты түрде өткен оқиғаларға қайтармайды, керісінше оқырман шығарма мәтінінің бастапқы мазмұнынан бастап ерікті түрде шегініс жасайды. Себебі тілдік тұлға дискурсын түсінуде оқырманға оңтайлы әдіс – осы.

Тілдік тұлға дискурсындағы ретроспекция тәсілі алуан түрлі сипатта жүзеге асады. Мысалы автордың мәтін ішіндегі баяндау желісін тежеуі, жоғарыда атап өткен ой қайталаулары, баяндау кезіндегі үзілістер. Демек автор бұл тәсіл арқылы оқырманды қызықтырады, өткен шақтағы оқиғаға бүгінгі көзқарас тұрғысында баға беруге мүмкіндік береді. Ретроспекция тәсілінің когезиямен тұспа-тұс келетін ұқсастығы – мәтіндегі жеке сөздер мен сөз тіркестерінің қайталануы. Бірақ мұндағы қайталаудың баяндау уақытына және оның өзгеруіне қатысты жүзеге асатынын ескергеніміз дұрыс. Мысалы автордың «Бұлтсыз күнгі найзағай» шығармасындағы: «Есік сарт-сұрт ашылып, жабылады. Әрбір ашып-жапқан сайын кішігірім бомба жарылғандай ақ бу бұрқ-бұрқ ете қалады», «Біздің ауыл таудың шатқалында еді... Күн кеш шығып, ерте батшы еді» [11, 202] тармақтарындағы нақты қайталаулар мен баламалы қайталаулар оқырманды оқиға іске асып жатқан өткен шаққа және сол есікке, үйге, ауылға, тауға ойша жетелейді. Мұндағы қайталаулардың мақсаты – өткен шақ туралы айтылған ойға оралту үшін баяндауды уақытша үзу, бір ойды оқырманға түрлі сипатта бірнеше рет ұсыну.

Сонымен қатар ретроспекциядағы өткенге оралу амалы нақты авторлық ой тізбектерімен емес (шығарма ішіндегі бұрын, өткен заманда, баяғыда, осындай жылдың мына айында деген нақты сөйлемдерсіз), жеке сөз, сөз тіркестері арқылы да өткен шаққа сілтеме жасай алады. Мысалы қаламгердің «Белгісіз солдаттың баласы» шығармасындағы: *...осы бір ойнаған сағым шалынбай да қалмайды; ...бұрын ақ соры шығып жататын шұқырлар; балалық шақты, бойжеткен қыздың дәуірін бастан кешкен өзі емес.; ...енді оның бәрі баяғыда көрген түс сияқты; сонау бір ақсүйек ойнаған айлы түн; жиырма жыл бойы жылжымай бір қалыпта бейқам тоқшылықпен өткен өміріне.; ...өмірі дәрігер атаулы шығып көрген емес; тұлпарды құрметтеген ел* [11, 259] тармақтардағы жеке сөз, сөз тіркестері мен *-ген-* формалы өткен шақ есімшесінің өзі өткеннен хабар беріп тұр. Демек автор мәтін ішіндегі ойды тереңдету мақсатында немесе оқиғаның өткенмен байланысын түсіндіру мақсатында өз баяндауын осындай тілдік бірліктермен бәсеңдетіп, уақытша үзіп, оқырманның өткенге көз жүгіртуіне тиімді форма ұсынады. Бұл ретроспекция тәсілінің тілдік тұлға дискурсындағы атқаратын маңызды қызметі.

Тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері өзара ұқсас және айрықша формада көрініс табатынына көз жеткіздік. Лингвистикадағы аталмыш екі тәсіл мәтіннің логикалық, формалық-грамматикалық, лексикалық байланысын автор баяндауына сай біртұтастықта сақтап, мәтінді толық түсінуге жағдай жасайтынын түсіндік. Когезия мен ретроспекция көркем мәтінді тілдік тұрғыда талдау кезінде нақты байқалатын белсенді тәсілдер. Қаламгердің көркем және публицистикалық дискурстарындағы когезия мен ретроспекция тәсілдерін зерттеу барысында автордың тілдік ерекшелігімен танысып қана қоймай, мәтіндердің грамматикалық, лексикалық, синтаксистік байланысын, ішкі бірліктерінің тұтастығын және мәтін мазмұнын, идеясын оқырманға жеткізуде атқарылатын тілдік әрекеттердің маңыздылығын теориялық және тәжірибелік тұрғыда таныдық.

**Нәтижелер.** Зерттеу жұмысында тілдік тұлға дискурсындағы когезия және ретроспекция тәсілдерін анықтау мақсатын қаламгер Шерхан Мұртазаның көркем және публицистикалық дискурстары негізінде жүзеге асыру арқылы мынадай нәтижелерге қол жеткізді:

- тілдік тұлға дискурсындағы когезия және ретроспекция тәсілдерін анықтау үшін осы тақырып аясындағы ғалым-зерттеушілердің тұжырымдары назарға алынып, зерттеу

жұмысы барысында аталған екі лингвистикалық тәсілдің теориялық тұжырымдары дәлелденді;

- когезия мен ретроспекция тәсілдері қаламгер Шерхан Мұртазаның көркем және публицистикалық дискурстары негізінде нақты мәтін, сөйлем, сөз тіркесі, сөз, грамматикалық бірліктер арқылы талданды;

- тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдерінің өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары мәтін мысалында анықталды;

- нақты мәтіндерді жинақтау және бақылау, іріктеу және лексикалық анализ, т.б. әдістер арқылы когезия мен ретроспекцияның түрлі мәтіндерде қолданылу сипаты сараланды;

- когезия мен ретроспекция тәсілдері арқылы жүзеге асатын мәтін ішіндегі логикалық, лексикалық, семантикалық, грамматикалық байланыс түрлері анықталды және олардың жасалу жолы түсіндірілді;

- зерттеу жұмысы барысында когезия мен ретроспекция тәсілдерінің ішкі бөліністері анықталып, олардың практикалық қолданыстағы мысалдары берілді.

**Қорытынды.** Зерттеу жұмысында когезия мен ретроспекция тәсілдерінің лингвистикалық әрі көркемдік тәсілдері екенін ескере отырып, тілдік тұлға дискурсының мазмұны мен құрылымының жасалуында жүзеге асатын ұтымды және қажетті элементтер екеніне көз жеткіздік. Себебі автордың басты мақсаттарының бірегейі – оқырманға мәтінді түсінікті жеткізу болса, мәтіннің тұтас формасы мен мәні аталмыш екі тәсілге орай жүзеге аспақ. Оған біз зерттеу жұмысындағы Шерхан Мұртазаның көркем және публицистикалық дискурстарынан іріктеп алынған нақты мысалдар тізбегі дәлел болды. Когезия мен ретроспекция тәсілдерінің тілдік тұлға дискурсындағы рөлі мен мәтін ішіндегі тұтастық, логикалық және формалық-грамматикалық, т.б. байланысты орнату қызметі – олардың белсенді лингвистикалық тәсілдер екенін нақтылады. Демек зерттеу жұмысының тақырыбы, оның ғылыми объектісі бүгінгі тіл білімі саласында әлі де зерттеуді талап ететін маңызды мәселе екенін растайды. Мұндай лингвистикалық тәсілдерге анализ жасау және олардың мәтіндерде көрініс табуын зерттеу тілдік тұлға дискурсын толық түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысында назарға алынған теориялық тұжырымдар мен нақты мәтіндерді талдау мысалдары тіл білімі саласындағы зерттеулер үшін мәнді ғылыми дерек болмақ.

## Әдебиеттер

1. Виноградов В.В. О художественной прозе. – Л.: Госиздат, 1930. – 186 с.
2. Cutting J. Pragmatics and Discourse. – London; N. Y.: Routledge, 2002. – 200 p.
3. Меркулова М.Г. Ретроспекция в английской «новой драме» конца XIX – начала XX века: истоки и функционирование: монография. – М.: Прометей, 2005. – 184 с.
4. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987. – 56 с.
5. Тарнаева Л.П. Языковая личность как междисциплинарный предмет исследования // Сибирский педагогический журнал: Научно-практическое издание. № 9. – 2008. – С. 124-132.
6. Құрманбайұлы Ш., Жұмабаева Ж. Тілдік тұлғаны қалыптастырудағы мәтіннің рөлі // Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. № 1(134). – 2021. – Б. 70-75. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-134-1-70-75>
7. Капанова Д. Е., Тяжина Е.Б. Көркем шығармадағы жалқы есімдердің семантикасы // ПМУ Хабаршысы. Филология сериясы. №3. – 2017. – Б. 96-103.
8. Jacob V.H., Jordan B.P. Personality and language use in self-narratives // Journal of Research in Personality, 2009, Vol. 43, Is. 3, – P. 524-527. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jrp.2009.01.006>
9. Halliday M.A.K., Hasan R. Cohesion in English Text. / M.A.K. Halliday, R. Hasan. – London: Longman Group LTD, 1976. – 374 p.
10. Мұртаза Ш. Ақындар мен әкімдер. Мақалалар, эсселер, публицистикалық толғамдар. (Құраст. Қ. Назырбаев). – Астана: Елорда, 2002. – 808 б.
11. Мұртаза Ш. Мыңбұлақ. Әңгімелер мен хикаяттар. – Алматы: Жазушы, 2007. – 320 б.

**А.Т. КЕМБАЕВА, О.С. ЖУБАЙ**

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

**М.Н. ЖАКИПОВА**

Алматинский технологический университет, Алматы, Казахстан

### **СПОСОБЫ КОГЕЗИИ И РЕТРОСПЕКЦИИ В ДИСКУРСЕ ЯЗЫКОВОЙ ЛИЧНОСТИ**

**Аннотация.** В исследовательской работе выявлены подходы когезии и ретроспекции в дискурсе языковой личности и их отражение в тексте, влияние на логическую, лексическую, грамматическую, синтаксическую целостность и коммуникацию, проблема конкретности в восприятии читателем смыслового значения содержания текста и языковых единиц, конечной идеи автора. С целью определения появления методов сплоченности и ретроспекции в качестве примера в исследовании были взяты литературно-публицистические дискурсы писателя Шерхана Муртазы. Для анализа этих методов в конкретных текстах и распознавания их функций в целом тексте были реализованы методы отбора, сбора и контроля, синтеза, лексического анализа и сравнения примеров.

Выявление проявления подходов когезии и ретроспекции в дискурсе языковой личности на доказательных примерах достигнуты результаты признания практического применения теоретических выводов, дифференциации данных подходов на формы реализации и грамматические единицы в тексте, определения сходных признаков и особенностей когезии и ретроспекции на основе конкретных текстов, распознавания частоты их применения и внутренних форм и подразделений.

Полученные в ходе исследования результаты прояснили теоретическую и практическую значимость работы. Проанализированы теоретические выводы исследований в рамках данной темы. Путем наблюдения за подходами когезии и ретроспекции в создании текстов произведений писателя, взятых на пример, были отобраны из различных языковых единиц содержание и смысловой тон, форма, логическая целостность конечной мысли автора, проанализирована решающая роль дискурса языковой личности в раскрытии всей сущности.

**Ключевые слова:** языковая личность, дискурс, когезия, ретроспекция, коллокация, текст, лингвистика.

**A.T. KEMBAYEVA, O.S. ZHUBAI**

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

**M.N. ZHAKIPOVA**

Almaty technological university, Almaty, Kazakhstan

### **MODES OF COGESIS AND RETROSPECTION IN DISCOURSE OF LINGUISTIC PERSONALITY**

**Annotation.** The research paper considers the methods of cohesion and retrospection in the discourse of linguistic personality and their manifestation in the text, their influence on logical, lexical, grammatical, syntactic integrity and communication, the reader's perception of the text content and the semantic meaning of the text. linguistic units, as well as determining the problems of accuracy of perception of the original author's idea. In order to determine the emergence of cohesion and retrospection methods, the literary and journalistic discourses of the writer Sherkhan Murtaza were taken as a case study in the research. In order to analyse these methods in specific texts and to recognise their functions in the whole text, the methods of selection, collection and control, synthesis, lexical analysis and comparison of examples were implemented.

Identifying the manifestation of the approaches of cohesion and retrospection in the discourse of linguistic personality on evidential examples achieved the results of recognising the practical

application of theoretical findings, differentiating these approaches into forms of implementation and grammatical units in the text, identifying similar features and characteristics of cohesion and retrospection on the basis of specific texts, recognising the frequency of their application and internal forms and units.

The results obtained in the course of the research clarified the theoretical and practical significance of the work. The theoretical conclusions of the research within this topic have been analysed. By observing the approaches of cohesion and retrospection in the creation of texts of the writer's works taken as an example, the content and semantic tone, form, logical integrity of the author's final thought were selected from various linguistic units, and the decisive role of the discourse of linguistic personality in revealing the whole essence was analysed.

**Keywords:** linguistic personality, discourse, cohesion, reposition, collocation, text, linguistics.

## References

1. Vinogradov V.V. O hudozhestvennoj proze. – L.: Gosizdat, 1930. – 186 s.
2. Cutting J. Pragmatics and Discourse. – London; N. Y.: Routledge, 2002. – 200 p.
3. Merkulova M.G. Retrospekciya v anglijskoj «nojvoj drame» konca XIX – nachala XX veka: istoki i funkcionirovanie: monografija. – M.: Prometej, 2005. – 184 s.
4. Karaulov Ju.N. Ruskij jazyk i jazykovaja lichnost'. – M.: Nauka, 1987. – 56 s.
5. Tarnaeva L.P. Jazykovaja lichnost' kak mezhdisciplinarnyj predmet issledovanija // Sibirskij pedagogicheskij zhurnal: Nauchno-prakticheskoe izdanie. № 9. – 2008. – С. 124 -132.
6. Qürmanbaiüly Ş., Jümabaeva J. Tildik tülğany qalyptastyrudağy мәтіннің рөлі // L.N. Gumilev atyndağy EÜU Habarşysy. Filologia seriasy. № 1(134). – 2021. – Б. 70 -75. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-134-1-70-75>
7. Kapanova D.E., Täjina E.B. Körkem şyğarmadağy jalqy esimderdiñ semantikasy // PMU Habarşysy. Filologia seriasy. №3. – 2017. – Б. 96 -103.
8. Jacob B.H., Jordan B.P. Personality and language use in self-narratives // Journal of Research in Personality, 2009, Vol. 43, Is. 3. – P. 524-527. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jrp.2009.01.006>
9. Halliday M.A.K., Hasan R. Cohesion in English Text. / M.A.K. Halliday, R. Hasan. – London: Longman Group LTD, 1976. – 374 p.
10. Mürtaza Ş. Aqyndar men äkimder. Maqalalar, eseler, publisistikalyq tolğamdar. (Qürast. Q. Nazyrbaev). – Astana: Elorda, 2002. – 808 b.
11. Mürtaza Ş. Myñbūlaq. Äñgimeler men hikaiattar. – Almaty: Jazuşy, 2007. – 320 b.

## Авторлар туралы мәлімет:

**Кембаева Айнұр Тұрарқызы** – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

**Кембаева Айнұр Тураровна** – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

**Kembayeva Aynur Turarovna** – doctoral student at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

**Жұбай Орынай Сағынғалиқызы** – филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессор м.а., Алматы, Қазақстан.

**Жубай Орынай Сагынғалиевна** – доктор филологических наук, и.о. профессора Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

**Zhubai Orynai Sagyngaliyevna** – doctor of Philological Sciences, Acting Professor of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

**Жакипова Мира Нурзадинқызы** – педагогикалық ғылымдарының магистрі, Алматы технологиялық университетінің сеньор-лекторы, Алматы, Қазақстан.

**Жакипова Мира Нурзадиновна** – магистр педагогических наук, сеньор-лектор Алматинского технологического университета, Алматы, Казахстан.

**Zhakiyova Mira Nurzadinovna** – Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan.